Әділет

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Атырау облысы әкімінің 2024 жылғы 7 сәуірдегі № 3 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 29-бабы, 1-тармағының 11) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 48-бабына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32469 болып тіркелген) белгіленген Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың Сыныптамасына, Атырау облысының Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссиясының кезектен тыс мәжілісінің 2024 жылғы 6 сәуірдегі № 5 хаттамасына сәйкес Атырау облысының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Атырау облысының аумағында табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Атырау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасары табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып тағайындалсын және оған табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға бағытталған іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі *С. Шәпкенов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК

Бір көзден тікелей мемлекеттік сатып алу хаттамасы

Атырау қаласы **12.04.2024 жыл**

Өткен орны: ШЖҚ КМК «№7 Атырау қалалық емханасы» директор орынбасары кабинеті

Қатысқандар: Емхана директоры міндетін атқарушы Н.Умбеткалиева, бас есепші А.Джумагазиева, шаруашылық меңгерушісі Н.Смагулова, төтенше жағдайлар жөніндегі инспектор С.Хайруллин, мемлекеттік сатып алу маманы А.Кумаргалиева.

Күн тәртібі: Атырау облысы әкімінің 07.04.2024 жылғы №3 "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" шешімін, Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасының 08.04.2024 жылғы 06-01-07-10-1/1652, 11.04.2024 жылғы №06-01-07-05-18/1740, 12.04.2024 жылғы №06-01-07-10-1/1748, 12.04.2024 жылғы №06-01-07-08-4/1753 хаттарын басшылыққа ала отырып, төтенше жағдайдың алдын алу бағытында қажетті құрал жабдықтар сатып алу туралы.

Сөйлегендер:

1) Емхана директорының міндетін атқарушы Н.Умбеткалиева:

-Әріптестер өздеріңіз көріп отырғандай, облысымызда төтенше жағдай жарияланғалы бері қажетті құралдардың тізімін жасақтап, нарықтық құнын білуді тапсырған болатынмын. Міне алдымызда өнім берушілердің баға ұсынымдары жатыр. Осы ұсынымның ішінен ең төменгі бағаны анықтап, сол өнім берушімен шұғыл мемлееттік сатып алу шартына бір көзден тікелей шарт жасау арқылы отыруымыз қажет.

2) Шаруашылық меңгерушісі Н.Смагулова:

-Әрине СІздің тапсырмаңыз бойынша қаладағы өнім берушілерден тауарларды анықтап, баға ұсынымын алдық. Көпшілік кәсіпкерлерде тауардың кей түрлері бітіп қалып жатыр екен. Сатып алып жатырғандар көп дейді. Сұранысқа сай бағаларды әдеттегіден көтеріп жіберген. Бізде шұғыл төтенше жағдайлар жөніндегі инспектор С.Хайруллинмен ақылдасып шығарған қажетті құралдардың тізімі бойынша керек жарақтарымызды алуды сұраймын. Бір жағынан емхана жертөлесі суға кетіп жатыр.

3) **Төтенше жағдайлар жөніндегі емхана инспекторы С.Хайруллин:**

-Емханаға жөндеу жұмыстарын жүргізуді осы облысымыздағы жағдайға байланысты тоқтаттық. Өйткені алдағы уақытты болжау мүмкін емес. Ал қазіргі міндетіміз емханаға аса керек деген құралдарды уақыт жоғалтпай сатып алып, қоршау жұмыстарын, сақтық шаруаларының алдын алу қажет.

4) Бас есепші А.Джумагазиева:

-Алынған баға ұсынымдарын көріп отырсыздар, осыны зерделеп, төменгі бағаны анықтап, қажетті материалдарды алуға бюджеттен қаражат бөлгеніміз дұрыс болар. Облыстық денсаулық сақтау бақсармасынан генераторға қаражат бөлінсе, қалған керекті заттарды өз емхана бюджетінен сатып аламыз ғой.

5) Мемлекеттік сатып алу маманы А.Кумаргалиева:

-Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 5 бабының 8 тармағы, 43 бабының 4 тармағына сай төтенше жағдайда алдын алу, жою шараларын қамту үшін сатып алынатын тауарлар тікелей қағаз жүзінде, мемлекеттік сатып алу жоспарына енгізілмей жасақталады, яғни 39 баптың 3 тарамғы 4 тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынып отырған баға ұсыныстарыңыз бойынша төменгі бағалар қай өнім берушіде, сол өнім берушімен шартқа отырылады. Кеше Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасына үш өнім берушінің берген баға ұсынымы негізінде шұғыл деп жылжымалы генераторға іштігі электр қуатына түсетін күшті есептеулеріңіз бойынша сұраныс берілді.

6) Кәсіподақ төрайымы Г.Мамбеткаримова:

-Әрине төтенше жағдай кезінде қауіп қатердің алдын алу міндетіміз. Су келеді не келмейді деп күтіп отыра алмаймыз.Қауіпсіздік шараларын шұғыл қамту қажет. Қажетті құралдарды алдырып, дайындап қою қажет.

Шешім етілді:

1.Төмендегі кесте бойынша ең төменгі баға берген өнім берушімен келісім шарт жасақталынып, қажетті шаралар алынсын:

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Қажетті саны	Білік құны, теңге	Жалпы сомасы, теңге	Төменгі баға ұсынған, шартқа отырылатын өнім беруші атауы
1	Насос гном	дана	2	35000	70000	"ДОС-7" ЖШС
2	Ауыз суға арналған ыдыс (емкость/тонник)	дана	10	35000	350000	"ДОС-7" ЖШС
3	Бензин, жанар жағар майға арналған бак, 200 литрлік	дана	13	4000	52000	ЖК "Жума"
4	Дизельдік отын	литр	600	401	240600	ЖК "Жума"
5	Майшам	дана	500	400	200000	"ДОС-7" ЖШС
6	Қол фонары, батарейкамен қуатталатын	дана	20	5200	104000	"ДОС-7" ЖШС
7	Арба	дана	2	28000	56000	"ДОС-7" ЖШС
8	Құм/топырақ 15 тонналық	машина	7	20000	140000	"ДОС-7" ЖШС
9	Полиэтилен пленка	метр	40	500	20000	"ДОС-7" ЖШС
10	Қапшық	дана	1000	100	100000	"ДОС-7" ЖШС
11	Құрылыс көбігі	дана	20	6000	120000	"ДОС-7" ЖШС
12	Кабель АВВГ 3х10+1х6 (300/бар) ГОСТ ЕКТ	метр	20	744	148800	"ДОС-7" ЖШС
13	Переносная вилка 024 3р+ре 32А 380В I344 UNIT NEW	дана	3	2100	6300	"ДОС-7" ЖШС
14	Ауыз суы 5 литрлік	дана	500	500	250000	"ДОС-7" ЖШС
15	Бензин генераторы 13 кВт	дана	2	1250000	2500000	"ТССП Казахстан" ЖШС (Денсаулық сақтау басқармасынан қаржы бөлінген жағдайда)

2.Осы хаттама негізінде туындайтын шараларды жауапты мамандар қамтамасыз етсін.

Директор міндетін атқарушы **Н.Умбеткалиева**

Бас есепші **А.Джумагазиева**

Шаруашылық меңгерушісі **Н.Смагулова**

Төтенше жағдайлар жөніндегі инспектор **С.Хайруллин**

Мемлекеттік сатып алу маманы **А.Кумаргалиева**

Кәсіподақ төрайымы: **Г.Мамбеткаримова**

:

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ «№7 Атырау қалалық емханасы» Шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын

УПРАВЛЕНИЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Атырауская городская поликлиника №7»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

060027 Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы, құрылыс 39 Тел:8 7122 460618,460612,467372
✉: Poliklinika.7@list.ru

060027 город Атырау, проспект Бейбарыс, строение 39 Тел:8 7122 460618,460612,467372
✉: Poliklinika.7@list.ru

№ 44 н/қ
«12» сәуір 2024 жыл

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39-бабы 3 тармағы 4 тармақшасына және 41 баптың 6 тармақшасына сай **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Атырау облысы әкімінің 07.04.2024 жылғы №3 “Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы” шешіміне сай жарияланған төтенше жағдайға байланысты емхана дизельдік генераторы мен трансформатор подстанциясын қоршау және келеңсіздіктердің алдын алу, жою үшін бұйрыққа қосымшаға сай өнім берушілермен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу шарты жасақталсын.

2.Бұйрық негізінде тиісті жұмыстарды жүргізу бас есепші А.Джумагазиеваға және шаруашылық меңгерушісі Н.Смагуловаға міндеттелсін.

3.Осы бұйрықтың орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негізі: Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасының хаттары, жасақталған хаттама және шарауашылық меңгерушісі Н.Смагуловаының қызметтік жазбасы

Уақытша директор міндетін атқарушы: **Н.А.Умбеткалиева**

Заңгер:

Бұйрықпен таныстырылды:

Емхана директоры міндетін уақытша
атқарушының 2024 жылғы 12 сәуірдегі
№44 н/қ бұйрығына қосымша

Атырау облысында жарияланған төтенше жағдайға байланысты қауіпті жою, алдын алу мақсатында "Мемлекеттік сатып алу" Заңының 39 бабы 3 тармағы 4 тармақшасы негізінде бір көзден тікелей шарт жасасу жолымен мемлекетітк саытп алу шарты жасақталатын өнім берушілер тізімі

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Қажеттілігі саны	Білік құны, теңге	Жалпы сомасы, теңге	Төменгі баға ұсынған, шартқа отырылатын өнім беруші атауы
1	Насос гном	дана	2	35000	70000	"ДОС-7" ЖШС
2	Ауыз суға арналған ыдыс (емкость/тонник)	дана	10	35000	350000	"ДОС-7" ЖШС
3	Бензин, жанар жағар майға арналған бак, 200 литрлік	дана	13	4000	52000	ЖК "Жума"
4	Дизельдік отын	литр	600	401	240600	ЖК "Жума"
5	Майшам	дана	500	400	200000	"ДОС-7" ЖШС
6	Қол фонары, батарейкамен қуатталатын	дана	20	5200	104000	"ДОС-7" ЖШС
7	Арба	дана	2	28000	56000	"ДОС-7" ЖШС
8	Құм/топырақ 15 тонналық	машина	7	20000	140000	"ДОС-7" ЖШС
9	Полиэтилен пленка	метр	40	500	20000	"ДОС-7" ЖШС
10	Қапшық	дана	1000	100	100000	"ДОС-7" ЖШС
11	Құрылыс көбігі	дана	20	6000	120000	"ДОС-7" ЖШС
12	Кабель АВВГ 3х10+1х6 (300/бар) ГОСТ ЕКТ	метр	200	744	148800	"ДОС-7" ЖШС
13	Переносная вилка 024 3р+ре 32А 380В І344 UNIT NEW	дана	3	2100	6300	"ДОС-7" ЖШС
14	Ауыз суы 5 литрлік	дана	500	500	250000	"ДОС-7" ЖШС
15	Бензин генераторы 13 кВт	дана	2	1250000	2500000	"ТССП Казахстан" ЖШС